

МЕДИАМӘТІНДЕРДЕН ЕНГЕН ШЕТТІЛДІК ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫС СИПАТЫ

Смағұлова Г.Н.¹, *Айтжанова Г.Д.²

¹Ф.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
Алматы, Қазақстан,

*²Ф.ғ.к. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті
Алматы, Қазақстан

¹e-mail: smagulova.g@mail.ru

*²e-mail: a.gulnara70@mail.ru

Андатпа. Мақалада медиамәтіндерден қазіргі кезде үздіксіз еніп жатқан жаңа шеттілдік сөздердің қазақ тіліндегі қолданыс ерекшеліктері туралы сөз етіледі. Тілден тілге сөз алмасу құбылыстары бұрыннан да келе жатқан және қалыптасқан үрдіс. Тілде үнемі сөз ауысу үдерісі тоқтаусыз жүріп жатады. Оған себеп – әр елдің өзара экономикалық, мәдени, әлеуметтік қарым-қатынастарының ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан заңдылығы. Барлық ұлт тілдері бір бірімен сөз алмасу арқылы тілдің сөздік құрамын толықтырады және кірме сөздер арқылы жаңа ұғым пайда болады. Бұқаралық коммуникацияның ерекше белсенділігінің әсерінен қазақ тілінің қолданыс аясы барынша жан-жақты тереңдей түсті. Бұл әсіресе медиамәтіндерден енген шеттілдік жаңа сөздердің қазіргі қолданыс сипатынан байқалады. Сөздің қор БАҚ арқылы публицистикалық мәтіндер, газет, теле-радио мәтіндері, интернет мәтіндерімен толығырақ. Егемен елдің экономикалық-мәдени саясатының бағдарына қарай шеттілдік сөздердің тілімізге ену себебінің алғышарттары жан-жақты бола түсті. Әсіресе, мұндай алғышарттардың біріне халықаралық қатынастар және ұлтаралық қоғамның белсенді түрде дамуы деп атап көрсетуге болады. Оның ішінде: Коммуникативтік байланыстардың жандануы; Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі; Қазақстандағы үштұғырлы тіл саясаты; Қоғамның шеттілдік сөздерді қабылдауына дайындығы. Мұндай жағдайда қазақ тіліндегі сөздік қор мен сөздік құрам кез келген терминологиялық салаларда бүкіл қолданыс аясын жеткілікті өз тілінің әлеуетін көрсете алса, сөз жоқ ұлт тілінің ұтқаны. Қазіргі шеттілдік жаңа сөздердің тілдік қолданыста игерілуі үлкен проблема. Себебі шеттілдік жаңа сөздер өзімен бірге жаңа ұғымдарды ала келуі мүмкін немесе қабылдаушы тілде біртектес ұғымды білдіретін сөздермен қатар қолданылып жүр. Ұлт тілінің тазалығы, тіпті ұлттық дискурста сол ұлт тілінің қолданыс өрісінде, түрлі коммуникациялық жағдаяттарда ала шұбар сөздер мен тіркестер қазақ тілінің бүгінгі көрсеткіші сияқты. Мақаланың зерттеу мақсаты осы тіл тазалығына қатысты. Шеттілдік сөздердің енуі тілдің экстралингвистикалық яғни сыртқы және тілдің ішкі лингвистикалық сипаттарына байланысты. Алайда шеттілдік жаңа сөздер қабылдаушы тілдің ішкі «иммунитетін», тіпті тілдік тұлғаның әлем суретін қабылдау деңгейін де өзгертетіні байқалады. Мақалада жиналған тілдік фактілер арқылы талданып, дәйектеледі. Медиамәтіндерді зерттеу әдістері ретінде контент талдау, дискурсивтік және когнитивтік талдау әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: медиамәтін, бұқаралық коммуникация, неологизмдер, медиалингвистика, сөздік қор, шеттілдік сөздер, калька, дискурсивтік талдау.

Негізгі ережелер

Қазіргі қазақ қоғамының медиакеңістігі үлкен өзгеріс үстінде. Интернет бар, әлеуметтік желі бар, ақпарат тарататын түрлі құралдар бар. Осыған

байланысты БАҚ құралдары дегеннің орнына Бұқаралық коммуникация деген келді. Қазіргі бұқаралық коммуникация өкілдері стандартты ойлаудан гөрі еркін жазуға, еркін айтуға көшкен. Сондықтан да болар, медимәтіндердегі ақпараттардың берілу формасы шеттілдік жаңа сөздердің жиілігімен ерекшеленді.

Бұқаралық коммуникация аясында тілдің қолданыс қызметі барынша жан-жақты дамып келеді. Калька, неологизмдер арқылы тілдің құрылымдық-тақырыптық, түрлі дискурсивтік сипатында да елеулі өзгерістер бар. БАҚ тілінің когнитивтік-идеологиялық табиғаты жаңа сөздер мен ұғымдардың ұлттық-мәдени және саяси медиадискурсының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әсіресе БАҚ саласында тілдің функционалды-стильдік мәртебесінің тереңдеуінен байқалады.

Тілдік қолданыста *медиа*, *медиама́тін* деген сөздер жиі кездеседі. Негізінде өткен ХХ ғасырдың 90 жылдарында ағылшын тілді ғылыми еңбектерде «медиама́тін» халықаралық академиялық ортаға ұлттық медиа дискурсында тез таныла бастаған. «Media», «medium» - тәсіл, аралық жеткізуші деген мағынада. Демек, «Медиа» - коммуникация құру үшін ақпараттарды жеткізу түрі, тәсілі. Дәл бүгінгі таңда медиа жаңа уақыт өлшемінде ойысты. БАҚ әр күн сайын жаңа контенттермен толығып жатыр. [1]

Кіріспе

Түрлі медиама́тіндер мазмұнындағы әлеуметтік-мәдени факторлардың әсерлері технологиялық мәдениеттің ықпалын арттырды. Қазіргі өмірдегі ақпараттар тасқынын түрлі мазмұндағы мәтіндер жеткізеді. Бұқаралық коммуникативтік барлық мәтіндер мәселен, публицистикалық мәтіндер, газет, теле-радио мәтіндері, интернет мәтіндері, тіпті дәстүрлі кітап, яғни кез келген мәтіндер түрі жалпылама «медимәтін» деген атауды қалыптастырды. Г.Я.Солганик мәтінтануға қатысты бұрынғы көзқарас кейінгі кезде мәтін анықтамасының шеңберінен шығып кеткенін айтады. [4, 15 б.]

Мәселен, мәтін - аяқталған айтылымды білдіретін синтаксис деңгейінің жоғары бірлігі. Мәтін өз ішінде құрылымдық-мағыналық бөліктерге бөлінеді. Мәтін туралы аяқталғандық, тақырып, фразадан тыс бірлік сияқты дәстүрлі мәтін түсінігі бар. Алайда БАҚ мәтіндерінде міндетті түрде аяқталғандық емес және бір берілген ақпаратқа тұрақты, жиі-жиі сілтеме жасалады. Сөйтіп газет, теле-радио мәтіндері, интернет мәтіндері көбінесе ақпараттады жеткізу амалымен ғана тиянақталады.

БАҚ тілі – бүгінде тіл білімінде өзіндік медиалингвистика ретінде зерттеу бағытын қалыптастырған сала. Медиалингвистиканың ең басты теориялық концепциясы медиама́тіндер арқылы анықталады. Медиадискурстың жұмсалыу, таралу аймағы баспасөз, радио, теледидар, Интернет каналдары. Термин ретінде «медиама́тін» алғаш рет Т.Г.Добросклонскаяның «Вопросы изучения медиатекстов: **Опыт исследования современной английской медиаречи**» деген еңбегінде қарастырылған. [2, 2005].

Әрине, тіл өзінің даму барысында томаға-тұйық шектеліп қалмайды. Жер бетінде белгілі бір территориялық тұтастығы мен ұлт тілі бар адамазат қауымы қоғамдық сананың талап тілегіне орай бір-бірімен алыс-беріс күн кешеді, араласады, мәдениет игіліктерін ортақ пайдаланады, сөз алмасады. Сол арқылы өз тілдік қорын байытады. Қазіргі кезде қазақ тіліне медиамәтіндердегі газет мақалалары, радиохабарлары, тележаңалықтар, интернет-жарнама, т.б. бұқаралық ақпараттар ағыны арқылы шеттілдік бірліктер тілге көптеп енуде. «Тіл тәжірибесінде лексикалық жаңалықтар ең алдымен күнделікті баспасөз беттерінде, радио, телебағдарламаларда орын алатыны белгілі, өйткені олар өмірге ілесіп отыратын, ондағы өзгеріс жаңалықтардың тілдегі көрінісін қолма-қол беретін хабарлама құралдары», – деп көрсетеді Исмаилова Н.А. [3, 17 б.]

Материалдар мен әдістер

Мақала үшін тілдік деректер бұқаралық ақпарат құралдарынан, яғни медиамәтіндерден алынды.

Пайдаланылған әдістер: тілдік деректердің көлеміне қарай жинақтау, шеттілдік сөздердің мағынасына контекстік талдау және жүйелеу, ақпараттың берілу сипаты мен қолданыс сипатына қарай дискурсивтік талдау әдістері.

Нәтиже

Қазіргі ХХІ ғасыр үрдісіндегі ұлттар арасындағы жаһандану процесі де осы тіл мәселесімен де тығыз сабақтасып жатыр. Алайда әрбір ұлт өз бет бейнесін тек тілі мен салт-дәстүрі арқылы ғана сақтап, басқаларға жұтылып кетпеу амалын қарастыратыны анық. Осы ретте әртүрлі саяси, мәдени, әлеуметтік алмасулар тек ортақ бір тіл (мәселен, ағылшын тілі) арқылы жүзеге асырылатынын ескерсек, онда ұлт тілі алдымен өзіндегі тіл байлығын барынша екшеп көрсете алуы тиіс.

Алайда ұлттар арасындағы түрлі қарым-қатынас шаралары алдымен тіл арқылы басталатындықтан, ұқсас ой, пікірлестік, бірлесіп күн көру, өмір сүру қағидалары әр ұлтқа ортақ міндет жүктейді. Ой алмасу келесі кезекте сөз алмасумен қатар жүреді.

Мұндай жағдайда қазақ тіліндегі сөздік қор мен сөздік құрам кез келген терминологиялық салаларда бүкіл қолданыс аясын жеткілікті көрсете алса, сөз жоқ ұлт тілінің ұтқаны. Тіл-тілдің өз қатарын, яғни сөздік құрамын басқа тілден енген сөздермен толықтыра түсетіні лексикографиялық еңбектерден өте айқын көрінеді. Алысқа бармай-ақ, мұның дәлелі қазақша-орысша екі тілді сөздіктердегі реестрге ілінген шеттілдік сөздер мен тіркестерден көреміз. Бұл әлеуметтік желідегі контенттердің берілу сипатынан да байқалады.

Қазақ тілінде басқа тілден енген жекелеген сөздер ғана емес, тұтас сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер де жиі кездеседі. Ал олардың бірі тура аударма арқылы енсе, енді бірі – тілдегі балама сөздермен беріледі немесе жазылу тұрпатымен еш өзгеріссіз енеді. Сөйтіп кірме сөздер қатары молая

береді. Кірме сөздерге қатысты лингвистикада калька, неологизм дейтін терминдер бар.

Неологизмдер – қоғамда, өндірістік қатынастарда, мәдени өмірде ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері және фразеологизмдер. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге қарай жаңа ұғымдардың пайда болуына қатысты атау ретінде көрініп, бірте-бірте жалпыхалықтық қолданысқа ауысады. Түрлі дискурстық сипатқа ие болады.

Кірме сөздерді тек қана этимологиялық талдаудың көмегімен анықтауға болады, өйткені ол сөзді пайдаланып жүрген тілді оның бөтендігі білінбейді [5, 118 б.]. Басқа тілден сөз еңбеген ешбір тіл жоқ. Өзге тілдерден енген сөздерді қолданысқа түсіру арқылы тіл өз өрісін кеңейтеді. Мысалы, қазақ тіліне әр түрлі жолдармен енген мектеп, ғылым, мәдениет т.б. араб сөздері болса, театр, опера, экономика т.б. орыс тілі арқылы енген интернационалдық лексика (шеттілдік сөздер) кірме сөздерге мысал. Олардың бірсыпырасы қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық заңдылығына бейімделгені соншалық, кейде кірме сөздер екені ұмытылып кетеді.

Шеттілдік сөздер – тілдің лексикалық жүйесінің ерекше саласын құрайтын, тілдің семантикалық, грамматикалық, фонетикалық, орфографиялық ерекшеліктері сақталған, өздерінің «шетелдік» бейнесін сақтаған, сондықтан да сол тілді пайдаланушыларға «шетелдік қасиеті» көрініп тұратын, тілдік санасында «бөтен» сөздер ретінде қабылданатын сөздер [6, 113 б.].

Бұл ретте еліміздің басқа да мемлекеттермен экономикалық-мәдени қарым-қатынасы барынша тереңдеген сайын тілдер арасында бір-бірімен сөздер алмасуы қалыпты құбылыс. Қазақ тіліне соңғы он-он бес жылда шетел тілдерінен жаңа сөздер көптеп енуде. Әсіресе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа ұғыммен еніп жатқан кірме сөздер сөздік құрамды толықтыруға ықпал етеді.

Қазақстанның тәуелсіздік алып, Егемен ел атануы өзінің саяси кеңістігін барынша жан-жақты кеңейтіп, дамуы жоғары өзге елдермен саяси, мәдени жағынан қоян-қолтық араласуына және мәдениаралық қатысымның барынша тереңдеуіне ықпал етті. Әсіресе, ХХІ ғасыр басынан бері технологиялық мәдениеттің жаһандану дәуірін ерекше жылдамдықпен дамытуы ұлт тілдерінің сөздік құрамына жаңа сөздердің көптеп енуімен де ерекшеленеді.

Тілде үнемі сөз ауысу үдерісі тоқтаусыз жүріп жатады. Оған себеп – әр елдің өзара экономикалық, мәдени, әлеуметтік қарым-қатынастарының ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан заңдылығы. Барлық ұлт тілдері бір бірімен сөз алмасу арқылы тілдің сөздік құрамын толықтырады және кірме сөздер арқылы жаңа ұғым пайда болады.

Бұл ретте қазақ тіліне шеттілдік сөздердің енуі мен игерілуі туралы сөз мәселе зерттеушілер назарына тыс қалған жоқ. Мәселен, кросс-мәдени талдау шеттілдік сөздердің түпнұсқа тіліндегі және қабылдаушы тілдегі

лингвомәдени танымына сәйкес мәдениет аясында зерттеу, яғни сөздердің мәдениеттермен тоғысуының нәтижесінде пайда болған өзгерістерді анықтауда жазылған еңбектер бар.

Өткен XX ғасырдың 1991 жылғы Қазақстан тәуелсіздігі шеттілдік сөздердің тасқынын жеделдетті.

Егемен елдің экономикалық-мәдени саясатының бағдарына қарай шеттілдік сөздердің тілімізге ену себебінің алғышарттары да айқындала бастады. Әсіресе, мұндай алғышарттардың қатарына еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі нәтижесінде халықаралық қатынастар және ұлтаралық қоғамның белсенді түрде дамуы деп атап көрсетуге болады. Оның ішінде:

- Мәдениаралық қатысымның жан-жақты тереңдеуі;
- Әлеуметтік институттардағы коммуникативтік байланыстардың жандануы;
- Қазақстандағы үштұғырлы тіл саясаты;
- Қоғамның шеттілдік сөздерді қабылдауына дайындығы.

Зерттеушілер шеттілдік сөздердің тілге ену процесін үш кезеңге бөледі. *Бірінші кезең* – шеттілдік сөздің тілімізге еніп, оның тілді тұтынушылар арасында белсенді қолданылуы; *Екінші кезең* – шеттілдік сөздердің біртіндеп игерілу процесі; *Үшінші кезең* – қолданысқа әбден бейімделіп, толық лексика-семантикалық сипатты иеленген, белгілі формасы бар шеттілдік сөздер [7, 54 б.].

Шеттілдік сөздер жоғарыда көрсетілген кезеңдердің бастапқы не соңғы кезеңінде кедергіге ұшыраса, олар жартылай игеріледі. Сөйтіп толықтай қалыптасып үлгермеген сөздер ретінде тілден тысқары қалады.

Шеттілдік сөздердің енуі тілдің сыртқы яғни экстралингвистикалық және тілдің ішкі лингвистикалық сипаттарына байланысты екені белгілі.

Ұлт тілінің *экстралингвистикалық сипаты* - бір ел мәдениетінің екінші бір ел мәдениетіне ықпал етуі, шет тілді үйренуге деген қабілетінің артуы. Сондай-ақ, технологиялық мәдениет ықпалымен тіліміздегі кірме сөздердің басым көпшілігі компьютер, спорт, техника салаларына қатысты термин сөздердің пайда болуы арқылы енген. Оған мысал ретінде *IPad, Facebook, байк-шоу, пейджинг, байкер, ралли-марафон, буллит, брасс, ньюджекинг, стедикам, Instagram, What's Up* сынды сөздерді айтуға болады. Интернационалды сөздердің пайда болуының бір легі осы сияқты кірме сөздердің әсерінен болып отыр.

Ал шеттілдік сөздердің енуінің *ішкі лингвистикалық себептеріне*: 1) белгілі бір затты білдіретін *флешка, планшет, айкос, макбук, вейп, электробайк* тәріздес сөздерді төл сөздермен алмастыру нәтижесінде шеттілдік сөздердің мағынасының солғын тартуы. Сондықтан осы сияқты сөздер бастапқы қалпында қалады. 2) Мағынасы айқын сөздерді сөз тіркесімен емес, бір сөзбен жеткізу үшін сөздерді үнемдеу барысында пайда болған шеттілдік сөздер. Мысалы, «*саммит*» – сыртқы саяси келісімдерді жүргізіп, бір шешімге келу үшін мемлекет жоғарғы басшыларының кездесуі дегеннен гөрі, бір сөзбен «*саммит*» деп атау дағдыға айналып отыр; «*инаугурация*» – жоғары лауазымға қабылдану; «*импичмент*» – парламент

тарапынан жүргізілетін жоғары мемлекеттік қызметкерлерді қызметінен кетіру рәсімі. Осындай бір ғана шеттілдік сөздің астарында терең мағынаның бар екені аңғарылады да, тұтас бір сөйлем бір сөзбен беріледі. 3) Сөздің нақтылық қасиетін одан әрі арттыру үшін қолданылатын кірме сөздер: субсидия – *грант*, образ – *имидж*, қылмыскер – *киллер* және т.б. синонимдік қатарларды келтіруге болады.

Кейбір шеттілдік сөздердің енуі қоғамдық-психологиялық жағынан төмендегідей ерекшеліктерге ие: 1) Шеттілдік сөздердің аясының кеңдігі соншалық, қазақ төл сөздеріне қажет емес болса да сөйлеу тілінен әсерінен кірмелік синоним бола алатын шеттілдік сөздер бар. Мысалы: дүкен аралау – *шопинг*, жоғарғы технология – *хайтек*, сән – *fashion*, БАҚ – *масс-медиа*, жаңашыландыру – *модернизациялау*, жасырын – *инкогнито*, қызмет көрсету – *сервис*, бет әрлеуші – *визажист*, ерікті – *волонтер*, әрлеу (бет-әлпетті) – *макияж*, жасөспірім – *тинейджер*, жарнама – *паблицити*, т.б.; 2) Коммуникативті сөйлеу барысында, яғни жағдаятқа (ситуацияға) байланысты қолданылатын шеттілдік сөздер. Мысалы, сайлау болатын жағдайда *праймериз*, *электорат*, *рейтинг*, *импичмент* секілді шеттілдік сөздердің қолданылуы, т.б.; 3) Интернационалды жаргондардың болуы. Мысалы: *окей*, *лайфхак*, *логотип*, *хай*, *хайлайф* т.б. [8, 48 б.].

Талқылау

Қазіргі қазақ тілінде күннен-күнге шеттілдік сөздердің енуі қарқынды жүріп жатыр десек артық айтпаған болар едік. Қандай жолдармен еніп жатқанына назар аударайық.

Қазақ тіліндегі шеттілдік сөздердің лексикалық жолмен енуі:

1) Қазақ тіліндегі бұрынғы денотаттармен бірге шеттілдік лексикалық денотаттың көбеюі. Мысалы: *брокер*, *дилер*, *ваучер*, *холдинг*, *грант*, *банкомат*, т.б.

2) Қазақ тілінде жаңа шеттілдік денотаттардың көбеюі, яғни бұрын бұл сөздер қазақ тіліндегі денотаттармен ауыстырылса, қазір шеттілдік денотаттар орын алып сөз мағынасын айқындап көрсетеді. Мысалы, *e-library* – *электронды кітапхана*, *консалтинг* – *кеңес беру*, *кастинг* – *байқаудан өту*, *тьютор* – *ұстаз*, *нюсмейкер* – *жаңалық жазушы*, *жазылушы* – *фоллоуер*, *фейк* – *жалған*, *менеджмент* – *басқару орталығы* т.б.

3) Тілімізде көбінесе қазақ-орыс тілдерінде күрделі-қосымшалы сөз ретінде қолданылып жүрген, тұтас лексикалық бірлік және сөзді ықшамдау жолында септігі тиетін шеттілдік сөздер. Мысалы: *хард-ток* – *қызу талқылау*, *брейнгринг* – *интеллектуалды ойын*, *өзге елден әкелінген тауарлаудың сатылымы* – *сэконд-хэнд*, *бизнес-тренер* – *кәсіпке үйретуші*.

Тілші-ғалым Исламова А. «Шетел сөздерінің қалыптасуы» атты мақаласында шеттілдік сөздердің қазақ тіліне ену жолдарын көрсетті [9, 125 б.]:

1. Бірқатар шеттілдік сөздер қазақ тіліне туынды түрде, яғни жұрнақтармен бірге кірген: *аутсорсинг, брэндинг, буккроссинг, коворкинг, нетворкинг, ньюсджекинг, майнинг, скрининг, рекрутинг, роуминг, диджитализация, модификация, пробация, модификация* т.б.

2. Қазіргі қазақ тіліндегі шеттілдік сөздердің құрамында ешбір жұрнақ қабылдамай-ақ, жеке сөз ретінде қолданылатын сөздер де бар: *лот, рейд сайт, смарт, тренд, форум, хаб, чип* т.б.

3. Кейбір шеттілдік сөздер сөйлесім арасында тек көмекші етістіктермен тіркесіп келіп қолданылады: *хайп ұстау, мессенджермен сөйлесу, трендте болу, селфи түсіру, мониторинг жүргізу, мораторий жариялау, сайтқа кіру* т.б.

4. Қазақ тілі қорындағы шеттілдік сөздер сөзжасам құбылысының барлық амал-тәсілдерімен түрленіп, сөзжасамдық ұя жасай алады. Қазақ тіліндегі ең өнімді *-лы//-лі, -ды//-ді, -ты//-ті, -лық//-лік, -дық//-дік, -тық//-тік* қосымшалары арқылы *жаңа сөз тудырады: мобиль+ді, цифр+лы, инклюзив+ті, дебитор+лық, венчур+лық* т.б.

Демек қазақ тіліндегі шеттілдік сөздерден шыққан туынды зат есімдердің ең мол түрі *-лық / -лік* жұрнақтарының еншісіне тиеді.

Сондай-ақ, кейбір шеттілдік сөздер төл сөздермен немесе шеттілдік сөздер өзара тіркесіп, қосарланып келеді: *агломерациялық аумақ, акционерлік қоғам, бизнес-қауымдастық, веб-мекенжай, венчурлық қор* т.б. Бұл мысалдардан терминдердің бірінші сыңары шеттілдік сөздерден екінші сыңары қазақ тілінің төл сөзінен жасалған, ал кейбір терминдердің екі сыңары да шетел сөздердің тіркесуі арқылы жасалғанын көруге болады.

Қазіргі БАҚ кейбір шеттілдік сөздердің орнына қазақ тіліндегі баламаларын қолданып жүр: *номинация – аталым*. БАҚ-тағы «номинация» (лат. *nominatio* – атау, аталым) сөзінің орнын уақыт өте келе, қазақша баламасы «аталым» сөзі ауыстырды. Мысалы, *Ол тек қана электронды түрде арнайы электрондық жүйеде жазба түрінде болады және де банкте өзі номинацияланған* нақты валютамен қамтамасыз етіледі. «Ақ жол» 02.07.2016. №77. Димаи «Қазақ музыка өнеріне қосқан үлесі үшін» *номинациясына* ие болды. «JQ» 08.12.2017. №4

«Жылдың ең үздік актеры» *аталымы* бойынша иегері, талантты театр және кино актеры Медғат Өмірәлиев қазақстандық кинорежиссер Мұрат Бидосовтың «Тар заман» атты фильміне түсті. «ЕҚ» 01.03.2018. №42

Қазақ тіліне калькалану арқылы енген шеттілдік сөздер: *кеңес беру – консалтинг, мега – үлкен (мега-жоба – үлкен жоба), мегаполис – үлкен қала (Алматы – мегаполис: Алматы – үлкен қала), мобилді интернет (мобильный интернет) т.б.*

Қазіргі қазақ тілінде шетел сөздердің құрамында бірге келіп, жеке тұрып қолданылмайтын: *де-префиксі* кездеседі. Мысалы: *де-факто, де-юре* т.б.

Шеттілдік сөздердің ену сипаты әр түрлі. Тілден екінші тілге сөздердің ауысуы белгіленетін заттар мен ұғымдардың ауысып келуімен байланысты. Сөздердің жаңа заттар немесе жаңа ұғымдармен бірге ену құбылысы тілдік сөз алмасудағы басты және дағдылы құбылыс ретінде саналады.

Десе те шеттілдік сөздердің енуі әрқашан осылай бола бермейді. Шеттілдік сөздердің өзімен бірге жаңа ұғымдарды ала келуі әр уақытта шарт емес, кейде олар қабылдаушы тілде біртектес ұғымды білдіретін сөздермен қатар қолданылып бірге өмір сүреді. Мұндай жағдайда шеттілдік сөз бен төл сөз өзара синонимдік қатынасқа түседі. Мысалы: орыс *тіліндегі аргумент – доказательство, мораль – нравственность, компромисс – соглашение* т.б. деген синонимдік қатарлардың әрқайсысының алдыңғы сыңарлары – шеттілдік сөздер. Бұл сөздерде қазақ тілінде баламасы бола тұрса да, орыс тіліндегідей қазақтың (дәлел, айғақ; әдеп, иба; келісім, ымыра) төл сөздерімен қоса-қабат қосарланып белсенді қолданыста жүр.

Зерттеуші С.А.Беляева шеттілдік сөздердің игерілу тұрғысындағы классификациясын ХІХ ғасырдың 50-60 жылдарында ең алғаш неміс лингвисті Август Шлейхер ұсынғандығын назар аудартады. Ол кірме сөздерді игерілген сөздер десе, шеттілдік сөздерді игерілмеген сөздер деп атайды. Осыған қарап кірме сөздерді *мүлде игерілмеген, біртіндеп игерілген және толықтай игерілген шеттілдік сөздер* деп ажыратуға болады [7, 142 б.].

Шеттілдік сөздердің қазіргі зерттелу деңгейіне байланысты мынадай кезеңдермен көрсетсек болады:

- 1) Игерілмеген шеттілдік сөздер – енген тілінің ықпалына көнбей, өздерінің алғашқы қалпын сақтайды. Мысалы: *секьюрити, ресепшин, миссия, меморандум* т.б.
- 2) Толық емес, біртіндеп игерілген шеттілдік сөздер – шет тілімен ішкі лингвистикалық сипатын толықтай сақтап, бірақ тілімізге фонетикалық және морфологиялық құрылымымен енген сөздер. Мысалы: *буккорсинг, допинг, триллер, бестселлер, блейзер* т.б.
- 3) Толықтай игерілген шеттілдік сөздер деп семантикалық дәрежесі өте жоғары шеттілдік сөздерді айтамыз. Мысалы: *онлайн, блогер, вайн, детектив, доллар, уатсап* т.б.

Шеттілдік сөздер тілге тек кірігу жолымен ғана игеріліп қоймайды, жаңа лексикалық мағынаны иелену арқылы немесе эмоционалды-экспрессивті сөзге айналу арқылы да кірігеді [10,79 б.].

Қазақ тіліндегі шеттілдік сөздердің кейде кең, кейде тар мағынасында, көрініс табуы – шеттілдік сөздерде фонетикалық-морфологиялық өзгерістердің болуы мен лексика-семантикалық мағыналардың үстелуінен көрініс табады. Көп жағдайда тіліміздегі мұндай ахуалдар байқалмай жатады. Мысалы, ағылшын тілінен енген «*shop*» сөзі АҚШ-та кез келген тауар сататын дүкендердің жалпыға ортақ атауы болса, қазақ тіліндегі «*шоп*» сөзі – қымбат, бағалы тауарлар салоны. Сол сияқты, ағылшын тілінен енген «*office*» сөзі АҚШ-та кез келген кеңсе бөлімі болса, біздің тіліміздегі «*офис*» сөзі белгілі бір фирманың резиденциясы немесе штаб-пәтері деген ұғымда

қолданылды. Алайда қазір бұл сөздер кең мағыналық сипат ала бастады. Оған дәлел ретінде *shop* сөзінің көптеген киім сататын дүкендердің атауы болып жүруі. Мысалы: «*Book shop*», «*Glasses shop*», «*Toy shop*» т.б. Яғни *shop* сөзі біздің елімізде де АҚШ-тағыдай мағыналық сипатқа иеленді. Себебі қазіргі таңда *shop* сөзімен берілетін дүкендерде, орталықтарда т.б. тауар құны да қолжетімді. Сол сияқты қазір біздің де тілдік жүйемізде *office* сөзі кең мағынаға ие.

Медиамәтіндер арқылы еніп жатқан жаңа сөздер барлық оқырман, тыңдарман қауымға бірден түсінікті бола бермейді. Сондықтан да, БАҚ арқылы тілімізге еніп жатқан жаңа сөздер және тіркестермен көпшілік оқырманды таныстыру үшін құрастырылған сөздіктер бар. Мәселен, «Шет тілден енген жаңа сөздер» сөздігінде [11] соңғы жылдары баспасөз бетінде күннен-күнге көбейіп келе жатқан және өте жиі қолданылатын шет тілдік сөздер қамтылған. Ал ол сөздердің мағыналары түсінікті болу үшін реестрге ілінген сөздердің мағынасы ашып көрсетілген.

Мысалы: **БЛОГЕР** – **Blogger** (ағылш. *blog, web log* – желі журналы не онлайн-күнделік; блогер – онлайн-күнделік жүргізетін адам); **БЛОКЧЕЙН** – **Blockchain** (*Block+chain* = ағылш. *block* – текше; *chain* – шынжыр; тізбек)

Кейбір аталымдар бірнеше мағынаны білдірсе, онда сөздікте келтірген сөйлемдердің мағынасына қарай мысалдар іріктелген. Мысалы, **РОТАЦИЯ** сөзінің он үш түрлі мағынасы бар. Сөздікте алынған мысалға қарай бір мағынасы ғана түсіндіріледі.

Оқылуы бойынша кейбір сөздер түпнұқасымен берілген. **IPAD** (*I+pad* = ағылш. *I* – «*Internet*» сөзінің бас әрпі; *pad* – блокнот).

Жеке сөздерге ағылшын тіліндегі жазылу нұсқасы және түсінігі беріледі. Мысалы: **АККАУНТ** – **Account** (ағылш. *account* – есеп жазбасы).

Ал соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тіліне енген кірме сөздердің таңбалану сипаты екі түрлі: мәселен, шет тілдерінен енген кірме сөздер орыс тілінің фонетикалық игерілуімен таңбаланады: **АУТСАЙДЕР, ДИДЖИСПИК, ТРОЛЛИНГ** т.б.

Шет тілінде қандай әріптермен таңбаланса, транскрипциясын еш өзгертпей сол қалпын сақтап жазу үрдісі медиамаәтіндерде жиі кездеседі: **BEELINE, PLAY MARKET, APP STORE**. [11, 6-7 б.].

Мысалы: Мұнда өнімнің 8 түрі бар. Олар **Nippon Steel, Marubeni Corporation** сияқты шетелдік алыптардың сұранысына ие.

Агенттік **Fitch** сарапшылары елде болған қолайсыз жағдай банк секторы көрсеткіштеріне кері әсер етпейді деп санайды. (Egemen Qazaqstan. 10.02.2022).

Сөздікке соңғы он-он бес жылда енген шет тілдік төрт жүзге жуық кірме сөздер мен сөз тіркестері енгізілді. Реестрге алынған мысалдар республикалық газеттерден терілді. Жеке сөздер мен тіркестердің түсінігі сөйлемдермен дәйектелді.

Келесі сөздік «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» деп аталады. Сөздікті құрастырушылар Қ.Шерубайұлы, С.Исақова т.б. «Қазіргі уақытта олардың мағынасын түсіндіріп, қай тілден енгенін көрсетіп бере алатын арнаулы

сөздік мектеп оқушыларынан бастап, барша қауымға аса қажет... осы қажеттілікті өтеу мақсатында қолынға алынып бірнеше тілден енген сөздерді қамти отырып жасалған алғашқы көлемді еңбек» екендігін айтады.[12, 4 б.].

Аталған сөздік *әр кезеңде* енген шет тілдік сөздерді барынша қамтуға тырысқан. Мұнда жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен кең тараған терминдер қамтылған, әрі қай тілден алынғандығы мен мағынасы түсіндіріледі.

Қорытынды

1.Тілден тілге сөздердің алмасуы, енуі – заман талабынан туындаған заңды үдеріс.

2.ХХІ ғасырда ақпарат ағыны тоқтаусыз ағылған, жаһандану кезеңінде тілімізге шеттілдік жат сөздер бұрынғы кезге қарағанда өміріміздің әр түрлі салаларына байланысты жиірек ене бастағаны белгілі.

3.Жаңа сөздер қазақ тіліндегі қолданысы арқылы тіліміздің сөздік қорын молайта түседі. Дегенмен де тіліміздегі басты мәселе – мәтінде және дискурста кірме сөздердің ана тілімізде қолданыс өрісінің ерекшеліктерінде болып тұр.

4.Шеттілдік кірме сөздердің орыс тіліндегі немесе бастапқы нұсқасын өзгертпей айту, жазу ана тіліміздің тілдік заңдылықтарын сақталмай, үндестік заңының бұзылуына әкеліп соғады.

5.Жаңа сөздердің күнделікті жиі қолданысқа ие болуы тілдік тұлғалардың әлем суретін қабылдау деңгейлерінің өзгеруіне әкеліп соғуы мүмкін.

6.Шеттілдік жаңа сөздер тасқыны медиамәтіндер арқылы үздіксіз ене береді. Бұған тосқауыл қою қиын. Өйткені қоғам әрдайым әлеуметтік-экономикалық-мәдени процестерге қарай өзгерістер күтеді, жаңалықтар алмасады. Бұл үдерістер сөз алмасудың арқасында ғана қоғамға, ортаға танылады.

7.Алайда үлкен проблемалық сұрақтың тууы заңды. Ұлт тілінің тазалығы, тіпті ұлттық дискурста сол ұлт тілінің қолданыс өрісінде, түрлі коммуникациялық жағдаяттарда ала шұбар сөздер мен тіркестер қазақ тілінің бүгінгі көрсеткіші болып танылатындығы белгілі.

8.Уақыт өте келе, бұл альфа ұрпақтың көркем сөйлеуі мен көркем сөздерінің негізі болуы да мүмкін.

9.Сонда жоғарыда айтқанымыздай, қазақ тіліндегі сөздік қор мен сөздік құрам кез келген терминологиялық салаларда бүкіл қолданыс аясын жеткілікті көрсете алса, сөз жоқ ұлт тілінің ұтқаны.

ӘДЕБИЕТ

[1] <https://elibrary.ru/item.asp?id=15519648//> Татаринов В.А. Язык СМИ как объект филологического исследования и как предмет медиалингвистики.

[2] Добросклонская Т.Г. Вопросы изучения медиатекстов: **Опыт исследования современной английской медиаречи.** – М., 2005. –288 с.

[3] Исмаилова Н.А. Гастрономиялық лексиканың кросс-мәдени енуі: Философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.– Алматы, 2014. – 141 б.

- [4] Солганик Г.Я. Язык СМИ и политика. – М., 2012. – 952 с.
- [5] Салқынбай А.Б., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 118 б.
- [6] Сүлейменова Э.Д., Авакова Р.А., Мәдиева Г.Б. Қазақ тілі лексикалық қорындағы шетел сөздер // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2000. – №37. – 112-113 бб.
- [7] Беляева С.А. Английские слова в русском языке XVI-XX вв. – Владивосток, 1984. – 108с.
- [8] Еренков А.С. Социолингвистический аспект функционирования английского языка в русской молодежной среде. – Воронеж, 1998. – 194 с.
- [9] Исламова А. Шетел сөздерінің қалыптасуы // ҚР ҰҒА хабарлары. Филология сериясы. – Алматы, 2004. – №3. – 123-129 бб.
- [10] Урысон Е.В. Языковая картина мира и лексические заимствования. // Вопросы языкознания. – Москва, 1999. – №6. – С.79-82.
- [11] Сөздік. Шеттілден енген жаңа сөздер.(құрастырғандар Смағұлова Г., А.Камал). Алматы: Қазақ университеті. – 2018. – 216 б. А.
- [12] Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.

REFERENCES

- [1] <https://elibrary.ru/item.asp?id=15519648>// Tatarinov B.A. Yazik SMI kak ob'ekt filologicheskogo issledovaniya i kak predmet medialingvistiki.
- [2] Dobrosklonskaya T.G. Voprosy` izucheniya mediatekstov: Opy`t issledovaniya sovremennoj anglijskoj mediarechi (The Question of Studying Media Texts: The Opium of Studying Modern English Media Speech). – М., 2005. –288 s. [In Rus.]
- [3] Ismajlova N.A. Gastronomiyaly`қ leksikany`ң kross-mәdeni enui`: Filofifiya doktory` PhD rу`ly`mi dәrezhesi`n alu yshi`n dajy`ndalған dissertacziya.– Алматы`, 2014. – 141 b.[In Kaz.]
- [4] Solganik G.Y.Yazik SMI i politika.(Media language and politics) – М., 2012. – 952 s. [In Rus.]
- [5] Salkinbai A.B., Abakan E. Lingvistikalыk tusindirme sozdik. – Almaty: Sozdik-slovar`,1998. – 118s. .[In Kaz.]
- [6] Suleimenova E.D., Avakova R.A., Madieva G.B. Qazaq tili leksikalыq qoryndagy shetel sozder. //QazMU xabarshysy.Filologia seriasy. – Almaty, 2000. – №37. – 112-113 s. .[In Kaz.]
- [7] Belaieva S.A. Angkiskie slova v russkom yazike XVI-XX vv. (English words in Russian of the 16th-20th centuries)– Vladivostok, 1984. – 108 s. [In Rus.]
- [8] Erenkov A.S. Sociolingvistisheski aspect funkcionirovaniya angliskogo yazika v russkoi molodejnoi srede.(Sociological aspect of the functioning of the English language in the Russian youth environment) – Voronej, 1998. – 194s. [In Rus.]
- [9] Islamova A. Shetel sozderinin qaluptasuy.//QR UGA xabarлары. – Almaty , 2004. – №3. – 123-129b. .[In Kaz.]
- [10] Uryson E.V. Yazikovaia kartina mira I leksisheskie zaimstvovaniya.(Language picture of the world and lexical borrowings) //Voprosyi yazikoznania. –Moskva, 1999. – №6. – S.79-82. [In Rus.]
- [11] Sozdik. Shettilden engen jana sozder. –Almaty:Qazaq universiteti. – 2018. – 216 b. .[In Kaz.]
- [12] Qazaq tilinin kirme sozder sozdigi. –Almaty: Ultyyq audarma burosi. – 2019. – 596 s. .[In Kaz.]

СОВРЕМЕННЫЙ ХАРАКТЕР ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НОВЫХ ИНОСТРАННЫХ СЛОВ ИЗ МЕДИАТЕКСТОВ

Смагулова Г.Н.¹, *Айтжанова Г.Д.²

¹Д.ф.н., профессор Казахского национального университета имени Аль-Фараби,

Алматы, Казахстан

*²К.ф.н., доцент Казахского национального университета имени Аль-Фараби,

Алматы, Казахстан

¹e-mail: smagulova.g@mail.ru

*²e-mail: a.gulnara70@mail.ru

Аннотация. В статье речь идет об особенностях употребления в казахском языке новых иноязычных слов, которые в настоящее время непрерывно проникают из медиатекстов. Явление словообмена из языка в язык - давняя и устоявшаяся тенденция. В языке происходит непрерывный процесс смены слов. Виной тому – вековая неразрывная связь экономических, культурных, социальных отношений каждой страны. Все национальные языки дополняют свой словарный состав путем обмена словами друг с другом, через заимствованные слова появляется новое понятие. Под влиянием особой активности средств массовой коммуникации всесторонне углубилась и сфера функционирования казахского языка. Это особенно заметно в характерном использовании новых иноязычных слов, вошедших в медиаматериалы. Фонд пополняется через СМИ публицистическими текстами, газетными, теле- и радиотекстами, интернет-текстами. В зависимости от направленности экономико-культурной политики суверенной страны предпосылки проникновения иноязычных слов в наш язык стали более всеобъемлющими. Одной из таких важных предпосылок можно назвать международные отношения и активное развитие интернационального общества, в том числе активизацию коммуникативных связей; достижение страной независимости; триединую языковую политику в Казахстане; готовность общества к восприятию иноязычных слов. В этих условиях словарный состав казахского языка в любой терминологической области может показать весь спектр своего потенциала. Большая проблема заключается в овладении современными иноязычными новыми словами и в их языковом употреблении, потому что новые иноязычные слова могут выражать новые понятия или употребляться в принимающем языке наряду со словами, обозначающими однородное понятие. Чистота национального языка, даже национального дискурса, в поле употребления этого национального языка, в различных коммуникативных ситуациях – сегодняшнем показателе казахского языка. Проникновение иноязычных слов обусловлено экстралингвистическими, т. е. внешними, и внутренними лингвистическими характеристиками языка. Однако видно, что новые иноязычные слова изменяют внутренний «иммунитет» принимающего языка и даже уровень восприятия картины мира языковой личностью. В статье анализируются и систематизируются примеры языковых фактов, собранных в различных средствах массовой коммуникации.

Ключевые слова: медиатекст, массовая коммуникация, неологизмы, медиалингвистика, лексика, иностранные слова, калька, дискурсивный анализ.

THE MODERN NATURE OF THE USE OF NEW FOREIGN WORDS FROM MEDIA TEXTS

Smagulova G.N.¹, *Aitzhanova G.D.²

¹Doctor of Philology Sc., professor, Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

*2Cand.of Philology Sc., docent, Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

¹e-mail: smagulova.g@mail.ru

*2e-mail: a.gulnara70@mail.ru

Abstract. The article will focus on the peculiarities of the use of new foreign words in the Kazakh language, which are currently continuously penetrating from media subjects. The phenomena of word exchange from language to language is a long-standing and well-established trend. There is a continuous process of changing words in the language. The reason for this is the age-old inextricable legitimacy of the economic, cultural, and social relations of each country. All national languages complement the vocabulary of the language by exchanging words with each other, and a new concept appears through borrowed words. Under the influence of the special activity of mass communication, the sphere of functioning of the Kazakh language has deepened most comprehensively. This is especially noticeable in the characteristic use of new foreign words included in media materials. The Fund is replenished through the media with journalistic texts, newspaper, TV and radio texts, and Internet texts. Depending on the direction of the economic and cultural policy of a sovereign country, the prerequisites for the penetration of foreign words into our language have become more comprehensive. Especially one of such prerequisites can be called international relations and the active development of interethnic society. Including: activation of communication links; achievement of independence by the country; triune language policy in Kazakhstan; readiness of society to perceive foreign words. Under these conditions, the vocabulary and vocabulary of the Kazakh language in any terminological field can show the full range of sufficient potential of their language. The big problem lies in mastering modern foreign-language new words in linguistic use. Because new foreign-language words can take with them new concepts or be used in the receiving language along with words denoting a homogeneous concept. The purity of the national language, even in the National discourse, in the field of the use of this national language, in various communicative situations, as in today's indicator of the Kazakh language. The penetration of foreign words is due to extralinguistic, i.e. external and internal linguistic characteristics of the language. However, it can be seen that new foreign words change the internal "immunity" of the receiving language and even the level of perception of the worldview by a linguistic personality. It is analyzed and systematized through the linguistic facts collected in the article.

Keywords: Media text, mass communication, neologisms, media linguistics, vocabulary, foreign words, tracing paper, discursive analysis.

Статья поступила 23.02.2022